

Аңыз айты кызи

НАУРЫЗ



Мақсаты: Оқушылардың «сыйластық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту.

Міндеттері:

- ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;

- үлкен – кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту;

- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу;

Көрнекілігі: интерактивті тақта, Плакаттар.



Алғыс айту күні – елімізде тыныштық пен үндестік, өзара сенімділік пен барлық қазақстандықтарға деген құрметтің орнығуына негіз болған Президенттің бейбітшілік пен келісім саясатының салтанатты күні. Бұл – тағдыр тәлкегімен Қазақстан жеріне еріксіз қоныс аударған түрлі этностардың миллиондаған өкілдерінің құтты қонысына айналған қасиетті қазақ жері мен қонақжай қазақ халқына терең тағзымның белгісі. Қазақ халқы қиын-қыстау заманда олардың басына түскен ауыртпалықты қайыспай бірге көтере білді, бұл бүгінгі таңда еліміздегі түрлі ұлт өкілдерінің арасындағы адамгершілік қарым-қатынастың өнегелі өлшеміне айналды.





Қазақстан халқы Ассамблеясының "Мәңгілік Ел: бір ел - бір тағдыр" тақырыбымен басталған XXII сессиясының ашылу салтанатында сөйлеген сөзінде Н.Ә.Назарбаев: "Сталин режимінде әр жылдары, өздеріңіз білетіндей, халықтар түгелдей жер аударылды. Оларды вагондардан ауылдарға тастап кете берді, олардың еш дүниесі болған жоқ. Сол уақытта бұл далада өздері мұқтаж бола отырып, оларды саман үйлеріне

қабылдаған қазақтар, қазақ отбасылары ғана өмір сүрді. Саманнан жасалған екі бөлмелі үйде тұрған біздің отбасы үш баласы бар жанұяны қабылдап алды. Көз алдымда әрқашан, әрқашан олардың бөлменің бір бұрышына жиналғанын елестете беремін, олар қорқып тұрды - киімдері жыртылған, аш, тозып кеткен. Олар біздің отбасында өмір сүрді, жұмыс істей бастады, өмір бойы алғыс айтып өтті. Мен оның балаларымен дос болдым", - дей келе, "Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде - 1 наурызда - барлық ұлттың бір - біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді", - деп нақтылады.



Президент Алғыс айту күні туралы: «Қазақстан халқы ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір біріне және мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді», – деген болатын.

Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.



Әлем елдерінде

АҚШ және Канада халықтары Алғыс айту (Thanksgiving Day) күнін қараша айының әрбір төртінші бейсенбісінде атап өтетін көрінеді. Атаулы күн алғаш рет 1621 жылы ағылшындық колонистердің бастамасымен тойланған. Қыс мезгілі өте ауыр болып, адамдар аштыққа ұшырағандықтан губернатор Уильям Брэдфорд қол астындағылардың көңіл-күйін көтеру үшін Алғыс айту күнін белгілейді. Айналадағы басқа да көршілер бұл дәстүрді жылы қабылдап, қаһарлы қысты аман-есен өткереді. Рақмет айту күнінің басты нышандарының бірі – түйетауық. Себебі, ағылшындық колонистер мерекені алғаш тойлағанда орманда атылған төрт түйетауықты жеген екен.





Кейіннен, яғни, 1789 жылы Джордж Вашингтон **Рақмет айту күнін «Ұлттық мереке»** деп жариялаған. Бұл күні барлық отбасы міндетті түрде дастарқан басына жиналып, туыстарына жақсылық жасауға асығады, жақындарын қуанту үшін түрлі тосын сыйлар ойлап табады. Қаладағы метроларда ерекше үстелдер орнатылып, адамдар ақша, азық-түліктерін қайырымдылыққа әкеліп қояды. **XVII** ғасырдан келе жатқан әр түрлі киімдерді киген тұрғындар шеруге шығып, думанды кештер ұйымдастырады.

Алғыс айту күні – күрделі заманда иық тіресе бірге еңсеріп, қысқа мерзім ішінде Елбасының басшылығымен Тәуелсіз Қазақстанды құру жолында аянбай тер төккен еліміздің барлық азаматтарының бір-біріне құрмет білдіретін күн.





Рахмет саған Отаным!

ОТАН

Мен оның түнін сүйем күнін сүйем,
Ағынды өзендер тауларды сүйем.

Мен оның қасиетті тілін сүйем, мен
оның күдіретті үнін сүйем.

Бар жәндігін сүйемін қыбырлаған,
Бәрі маған: “Отан!” деп сыбырлаған
Жаным менің, кеудемді жарып шық та,
Бозторғайы бол оның шырылдаған!

Отан!

Отан!

Бәрінен биік екен.

Мен оны мәңгілікке сүйіп өтем.

Отанды сүймеуің де күйік екен,

Отанды сүйгенің де күйік екен...

Мұқағали Мақатаев

Алғысым шексіз Бабаларыма!




Алғыс айту күні



АЛҒЫСЫМ. Х ШЕКСІЗ ХАЛҚЫМА!

АЛҒЫС айту күні



АЛҒЫСЫМ

ШЕКСІЗ

Анама!



АНАҒА АЛҒЫС

Ана деген ұлылардың ұлысы,
Әр уақытта кең жайылған ырысы.
Бар тілерім ұзақ ғұмыр, денсаулық,
Ешқашан да тарылмасын тынысы.

Алғысым шексіз Әкеме!



Әке

Жақсы мен жаманды да көрді көзің,
Сонда да мұқалмады өрміңсің.
Айбыны Алатаудай қайран, әке -
Асқарым арқа сүйер болдың өзің!

Беріліп ғажабына бала күннің,
Қадірін сол бақыттың жаңа білдім!
Өлшеусіз өнегенді өлеңге өрсем -
Жетер ме, құдіреті қаламымның?!

Сен жүрген жол қысқарып, сапар бітті,
Сонда да жанға медет батаң құтты.
Әкетай көруші едім тек өзіңнен,
Мейірім тұнып тұрған қаталдықты.

Алғысым шексіз Ұстазыма



Рахмет сізге



АЛҒЫС

A glowing blue brain with Arabic calligraphy 'الله أكبر' (Allahu Akbar) overlaid on it. The brain is set against a dark blue background with some light effects.

адамның адамға жасаған
жақсылығы, көмегі, көңілі үшін
ризашылық білдіруі, сондай-ақ
оның ойы мен іс-әрекетіне,
жасаған істеріне жоғары баға беруі.

Алғыс алу үшін жақсылық жасау қажет. Жақсы істі кез-келген жерде, кез-келген уақытта жасап, алғыс, ризашылық алуға болады. жақсы істерді жасап, өзіміздің де, айналамыздағы адамдардың да көңілін көтеріп, әлемді сәл де болса мейірімді етуге болады. Мысалы:шығып бара жатқан кезде есікті ұстаңыз, кішігірім қайырымдылықпен айналысыңыз, қан тапсырыңыз, аз уақыт қарттар үйінде волонтер болыңыз, досыңызға күтпеген сыйлық жасаңыз, төмен курстағы студенттерге көмектесіңіз, қоғамдық көлікте және қоғамдық орындарда орын беріңіз, қоқысты көтеріп, жәшікке салыңыз, біреудің түсіріп алған затын көтеріңіз, өзіңіз жақсы білетін іске басқа біреуді үйретіңіз, демалыс күндері үй жануарларына арналған баспанаға барыңыз, т.б. жақсы істер болды.



Жақсылық жаса!

Жақсы сөз айту, жақсылық жасау – әрбір адамның міндеті. Әрине, жылдың әр күні сыпайы болуға тырысуымыз керек. Алайда, көп жағдайда алғыс айтуды ұмытып, немесе оған ерекше көңіл бөлмейміз. Алғыс сөздерінде бір сиқырлық бар - олар арқылы біздер бір-бірімізге ризашылығымызды көрсетеміз, көңілімізді білдіреміз, жақсы эмоциялар сыйлаймыз. Ғалымдардың айтуы бойынша, рахмет сөзін айту - адамдар арасында жақсы қатынас орнатады. алғыс сөздері - адамды тыныштандыру, жүрегін жылытудың бірден-бір амалы. Бастысы, алғысыңыз жүректен шығуы шарт. Рахмет айтуға қорыққан, үлгермеген, ұялған жандарыңыз болса, бүгін айтасыздар деп үміттенемін.



РАХМЕТ



Благодарю!



THANK YOU

"Адамға алғысы жоқтың -
Аллаға алғысы (шүкірі) жоқ!"

Мұхаммед пайғамбар ғ.с. (Аллаһ Саласы)

Баршаңызға мың
алғыс!



Жылы сөз, қайырымды іс, жақсы ой,
кіршіксіз сезімдеріңді ешкімнен ешқашан
аямаңыздар. «Рахмет» деген қасиетті
сөзді жиі айтыңдар. Адам алғыс пен
ризашылықты естіген сайын, жақсылық
жасағысы келіп тұратынын есте
сақтаңдар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай
білуге үйреніңдер.

Анаға – өмір сыйлағаны үшін,
Әкеге – қорған болғаны үшін,
Далаға – гүлдері мен көк шалғыны үшін,
Сөзге – жанды жылытатыны үшін,
Күнге – шуағы мен назары үшін,
Жұлдызға – қараңғы түндегі жарығы үшін,
Досқа – құшағы мен иығы үшін,
Әжеге – ыстық алақаны үшін,
Суға – тіршілік көзі болғаны үшін,
Жерге – махаббаты мен бар болғаны үшін,
Отқа – жылулығы үшін...



«Сіз кімге алғыс айтар едіңіз?»





obrigado

Dank U

Merci

mahalo

Köszö

спасибо

Grazie

Thank
you

mauruuru

Takk

Gracias

Dziękuję

Děkuju

danke

Kiitos



*Назарларыңызға
рахмет!!!*

